

**«№3 ст. энергоблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» жобасын дайындау және іске асыру жоспар-кестесінің орындалуы бойынша есебі
(03.09.2024ж. қараған жағдай бойынша)**

1. ҚХР технологиялық шешімдерінде Жоба бойынша жабдықтарды жеткізу.

Тяньцзинь қаласынан жабдықтардың 1 партиясын тасымалдау.

2022 жылдың 17 ақпанында «ЕГРЭС-2 ст.»АҚ аумағына Тяньцзинь қаласынан салмағы 20,3 тонна бірінші топтама жабдығы жеткізілді. Қойма толығымен босатылды.

Цзининь қаласынан жабдықтардың 2 партиясын тасымалдау.

2022 жылдың 03 тамызында Цзининь қаласынан 2 164 тонна жабдықты жөнелту аяқталды. Қойма толығымен босатылды. 2023 жылдың 01 ақпанында Цзининь қаласынан станцияға жабдықты толық көлемде жеткізу аяқталды.

Харбин қаласынан жабдықтардың 3 партиясын тасымалдау.

- Харбин қаласында сақталған жабдық екі партияға бөлінген.
- Салмағы 3 723 тн I партияның жабдығы - кедергісіз әкетіледі.
- Жабдықтар жеткізушісінің талаптары бойынша мәселелер реттелгенге дейін 1 874 тн салмағы бар II партияның жабдығы қоймада қалады.

2023 жылдың 09 наурызында салмағы 3 723,2 тн I партия жабдықтарын жөнелту басталды.

2024 жылғы 27 ақпанда «ЕГРЭС-2 ст.»АҚ-да 430-дан 430 жүк орны, салмағы 3 723 тоннадан 3 723 тонна (100%) түсірілді. Харбин қаласының I партиясының жабдықтарын станцияға жеткізу толық көлемде аяқталды.

Жиыны:

ҚХР - дағы жалпы көлемнен 7 781 тн-дан станцияға әкелінгені – 5 907 тн (75%), ҚХР-дағы қалдық 1 874 тн (24,1%) құрайды.

Салмағы 1 874 тонна болатын II партия Харбин қ. қоймада жеткізушінің талаптары бойынша мәселелер реттелгенге дейін қалады.

Жеткізушінің талабы туралы мәселені шешу үшін заң кеңесшісі және шығындардың заңдылығы мен дәлелденуін қарау мақсатында тәуелсіз аудиторлық компания тартылды.

Талап аудиторларынан қорытынды/есеп алғаннан кейін жеткізушінің шығындарын өтеу және жабдықтың қалған бөлігін кейіннен әкету туралы шешім қабылданады.

2. Ресей Федерациясының технологиялық шешімдеріндегі Жоба үшін инвестициялық келісімге қол қоюдың қазіргі жағдайы

- 2023 жылғы 25 тамызда "Мемсараптама" РМК жобаны қаржыландыру көзін растау қажеттілігі туралы негізгі ескертумен ҚХР технологиялық шешімдерінде жоба бойынша түзетілген "Ж" сатысының ЖСҚ қайтарып берді.
- Осыған байланысты "ЕГРЭС-2 ст."АҚ акционерлермен бірлесіп Жобаны қаржыландыру көздерін іздеу бойынша жұмыс жүргізді, алайда қазақстандық және қытайлық ұйымдардың қатысуымен жүргізілген келіссөздер тиісті нәтиже бермеді.
- Сонымен бірге, "Самұрық-Энерго"АҚ атына №3,4 энергоблоктар құрылысының жобаларын іске асыру бойынша "ОРГРЭС электр станциялары мен желілерін баптау, технологиясын жетілдіру және пайдалану жөніндегі фирма" ЖШҚ Ресейлік компаниясының балама ұсынысы келіп түсті. Одан әрі "ПМФ" ЖШҚ келіссөздер жүргізілді, ол Ресей Федерациясының 7,5% субсидияланған сыйақы мөлшерлемесі бойынша өндіріс жабдықтарын пайдалану кезінде (200 млрд.рубльге дейін) №№3,4 энергоблоктары үшін субсидияланған қаржыландыруды ұсыну мүмкіндігін растады.
- Жоба бойынша басқа жабдыққа көшудің орындылығын айқындау мақсатында "Стройиндустрия" ЖШС-мен ТЭН әзірлеуге 23.11.2023 жылғы №926477 шарт жасалды. 2024 жылғы 31 мамырда "Мемсараптама" РМК оң қорытындысы алынды. ТЭН-нің алдын-ала нәтижелері негізінде Ресей Федерациясы өндірген 550 МВт-қа дейінгі энергоблоктарын орнату мүмкіндігі ұсынылады. Бұл Екібастұз ГРЭС-2 жобасын әзірлеу кезінде негізгі жабдықтың бірлік қуаты, бас корпусының габариттері, блоктар ұяшықтарының өлшемдері, блоктардың отын беру галереясының орналасуы, түтін құбырын отырғызу және т.б. бойынша қабылданған негізгі шешімдерді сақтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ №3 блок үшін салынған бас корпусының құрылыс конструкцияларын пайдалануға мүмкіндік береді.
- 2024 жылғы 09 және 31 шілдеде Ресей Федерациясының технологиялық шешімдерінде №3 және №4 энергоблоктарын салуға инвестициялық келісімдер жасау үшін Нарық кеңесіне жеке қуат тарифтерін алуға өтінімдер берілді. 2024 жылғы 19 тамызда ҚР Нарық кеңесі төралқасының 19.08.2024 ж. оң шешімі, оған сәйкес мынадай көрсеткіштер мақұлданды:
 - 3-энергоблок: жобаны іске асыру мерзімі: 2023 жылғы 4-тоқсан – 2028 жылғы 3 –тоқсан қажетті тариф деңгейі (орташа): 32 593 мың теңге/МВт*ай.; 10 жыл ішінде жыл сайынғы қаражатты қайтару: 1 935 998 млн. теңге.
 - 4-энергоблок: жобаны іске асыру мерзімі: 2023 жылғы 4-тоқсан – 2030 жылғы 3-тоқсан; қажетті тариф деңгейі (орташа): 38 883 мың теңге/МВт*ай.; 10 жыл ішінде жыл сайынғы қаражатты қайтару: 2 306 675 млн. теңге.
- Қазіргі уақытта ҚР Энергетика министрлігінде тарифтің мөлшері талқылануда. Инвестициялық келісім биылғы қыркүйекте жасалады деп күтілуде, оған қол қойылғаннан кейін уәкілетті органмен 2023 жылғы 13

қазандағы №21 инвестициялық келісім бойынша одан әрі шешім келісілетін болады.

- 2024 жылғы 28 тамызда №3 және №4 энергоблоктарын жобалауға, жеткізуге және салуға "КВІ Energy Group" ЖШС (консорциум жетекшісі), "СТРОЙИНДУСТРИЯ" ЖШС (жобалаушы) және "ОРГРЭС электр станциялары мен желілерін баптау, технологиясын жетілдіру және пайдалану жөніндегі фирма" ЖШС (жабдықты жеткізуші) құрамында консорциуммен ЕРС-шарты жасалды.